



# НҰРА



№36 (5067) сенбі,  
13 қыркүйек 2008 жыл

Газет 1963 жылдың 1-ші мамырынан бастап шығады

Аудандық қоғамдық саяси газеті

"КАИНАР" ЖШС-нің директоры С.Нығметовқа

## Құрметті Сейітжапар Алшынбекұлы!

Сізді және өзіңіз басқарып отырған «Қайнар» серіктестігінің барлық диқандарын орақ науқанын ұйымшылдықпен, сапалы және ысырапсыз аяқтауларыңызбен құттықтаймын! «Қайнар» - қайнаған еңбек ордасы, еңбек майталмандарының ұжымы, әрқашан да өзінің ұйымшылдығымен, ауызбірлігімен алда келеді. Биылғы орақ та сондай жоғары дәрежеде өтті. Кектемгі егіс кезінде жүргізілген тиісті агротехникалық шаралар ең нәтижесін берді. Қамбаға 1,7 миллионнан астам алтын астық құйылып, диқандардың маңдай тер еңбектері ақталды. Бұл жар салып айтуға, мақтануға тұратын табыс! Онда, әрине, іскер де беделді басшы, шебер ұйымдастырушы, «Құрмет» орденінің иегері Сіздің де еңбегіңіз зор. Сізге және диқаншыларға ерен еңбектеріңіз үшін ризалығымды білдіремін! Биылғы еңбектегі табыстарыңызды аудан мерейтойына тамаша тарту деп қабылдаймын! Сізге және ұжымыңызға зор денсаулық, береке бірлік, молшылық пен жаңа табыстар тілеймін!

Ізгі ниетпен аудан әкімі

С. Шайдаров.

Жамба — 2008

## Уборка в самом разгаре

Вот и наступила для сельчан самая важная, ответственная и долгожданная пора, от которой во многом зависит: как будет зимовать не только село, но и город. Район своевременно получил все виды субсидий выделенных государством. Обеспечена качественная подготовка к уборочной страде. Сегодня завершили уборку зерновых на 28 тыс гектаров площади кайнарцы, которые засыпали в закрома хозяйства 28 тысяч тонн орозного зерна. В уборке было задействовано 67 комбайнов, в семенной фонд засыпано 4000 тонн зерна. Средняя урожайность — 40 ц/га.

В ТОО «Шахтерское» из 40 гектарных 20 тысяч гектаров урожайностью 14 центнеров уже намолотили более 2800 тонн зерна. В работе задействовано 82 комбайна, среди которых более 20-ти зерноуборочных комбайнов «Енисей» с 7-метровыми жатками. Этим

хозяйством на сегодняшний день засыпано наибольшее количество зернового материала — 4000 тонн.

Уверенный темп ведет уборочную кампанию ТОО «Промышленное», имеющее 9 центнеров с 10 тысяч гектарных гектаров. Намолот составляет около 12 тысяч тонн, в семенной фонд — 500 комбайн.

В ТОО «Индустриальный» из 16170 засеянных гектаров убрано практически 10 тысяч га, намолочено более 7,8 тысяч тонн. В уборке задействовано 25 комбайнов, семенной фонд составляет 1040 тонн.

По району на 10 сентября из общей убираемой площади убрано 146,0 тыс га, т.е. 73%. Намолочено 100 тыс тонн, засыпано семян зерновых 10,5 тыс тонн. Средняя урожайность по району 6,5 ц/га. Ведется работа по сдаче зерна в стабилизационный фонд области.

с Заседания комиссии

## Главное — полноценное образование

Начало учебного года для комиссии по делам несовершеннолетних и защите их прав несет в себе массу новых дел, рассмотрения новых случаев с участием новых имен. Так, первое заседание было практически посвящено рассмотрению дел о переводе отдельных подростков из школы в учебно-консультационный пункт.

Рассмотрев более десятка заявлений, члены комиссии во главе с председателем З.А. Даутовой, отказали больше половине. При рассмотрении заявлений о переводе в заочную школу учитывалось все: успеваемость учащегося, его отношения со сверстниками, семейное положение, желание подростка продолжить учебу в обычной образовательной школе и т.д.

В отдельных случаях комиссия шла на встречу заявителям в лице родителей, разрешая перевод. Однако каждому было разъяснено, что окончание школы и учебно-консультационного пункта — это совершенно разные вещи. После окончания средней школы или профтехшкольвания, у выпускника есть реальное будущее с поступлением в высшие и средние учебные заведения, службой в армии, то, имея на руках справку о прохождении учебы в заочной школе, такие возможности сводятся к минимуму. Очень жаль, что в школах, откуда собирались ребята перейти в УКП, им не было достаточно разъяснено об их перспективах. Тем самым была отмечена недостаточная работа с учащимися таких школ, как Заречная, Путь Ленинская, Индустриальная, Щербаковская, Каройская, им. Талжанова и Сейфуллина с указанием недоработок директорам и завучам школ.

Кроме этого момента, членов комиссии немало удивил тот факт, что некоторые из

родителей просто настаивали о переводе своих детей в заочную школу, дав таким образом возможность сыну подработать и помочь семье, где в основном трудится только один отец или мать воспитывает детей одна. Некоторых мам совершенно не волновало, что кому-то осталось доучиться лишь в 11-м классе, кому-то — в 10-11-м. Главное, чтобы их сын зарабатывал деньги, а что ждет его в будущем, об этом они пока не задумывались. Однако, хорошо известно, что заработок на селе бывает чаще всего сезонным, а все остальное время и сын их будет безработным и не занятым учебой, как того требует закон.

Главное — получение полноценного образования. Вот на что было нацелено очередное заседание комиссии, призванной защищать права ребенка, помогать ему разобраться во многих жизненных ситуациях и направлять его по правильному пути. Да, действительно, многие сегодня уходят из школы после 9 класса. Но хорошо, если каждый из них продолжает учебу в колледжах или лицеях. На работу с достойным заработком им не устроится: во-первых — несовершеннолетние, во-вторых — у них нет никакого профессионального образования. Кому, как ни родителям знать об этом лучше всего. И есть ли у них такая уверенность, что завтра сын или дочь скажут маме с папой спасибо за то, что они не настояли на получении аттестата?

Кроме данных заявлений были также рассмотрены отдельные горе-мамаши, не справлявшиеся с воспитанием своих детей, ведущие аморальный образ жизни, склонные к употреблению спиртных напитков и имеющие случайный заработок.

Наталья ШЕВЧЕНКО, член комиссии

Орақ — 2008

## Мерейтойға тамаша тарту

Сәрсенбінің сәтті күні «Құрмет» орденінің иегері, есімі республикаға мәлім білікті, тәжірибелі басшы Нығметов Сейітжапар Алшынбекұлы басқаратын «Қайнар» ЖШС-гі орақ науқанын ұйымшылдықпен, ысырапсыз, мезгілімен аяқтады. Биылғы жылы 28 мың гектар алқапқа егін сепкен диқаншылар 28 мың тонна астық жинады. Жылдың қолайсыздығына қарамастан кектемгі агротехникалық шаралардың жүйелі жүргізілуі, жер мәдениетін жақсарту, минералдық тыңайтқыштар қолдану, техникалық паркты жаңарту, егіс алқабын ұлғайту, ылғалды сақтау технологиясын жүзеге асыру, озық технологияларды қолдану сияқты оң өзгерістер нәтижесінде биылғы егін де бітік те сапалы болды, әр гектардан 10 центнер өнім алынды. Бірінші болып орақты басқаратын тың игерушілердің дәстүрін жалғастырушылар ұрпағы **Василий Батура** басқаратын №3 бригада аяқтады. 9500 гектар алқапта егін жинаған механизаторлар алдарына жан салмады. Әсіресе ең жақсы көрсеткіштерге қол жеткізген еңбек озаттары **Жаншин Бауыржан**, **Грачик Юрий**, **Батура Дмитрий**.

Жылдағы қалыптасқан дәстүр бойынша қамбаға миллионыншы пұт астықты жеткізген де марапатталды. Ол- №3 бригада механизаторы Пачержинкас Алексей бағалы сыйлыққа ие болды. Орақ науқанына шаруашылық сақадай сай әзірлікпен келді. Жылдан жылға шаруашылықтың техникалық паркты толықтырылуы да, өткен күзде 9 «Енисей» комбайны сатып алынды, биылғы күзде тағы да сонша комбайн сатып алынбақ. Биылғы ораққа 67 комбайн қатысты. Механизаторлардың алаңсыз жұмыс жасауына барлық жағдай жасалған. Әр бригада басындағы қойылған көшпелі ас үйлер барлық тұрмыстық техникамен қамтылған, азық түлікті

сақтауға, әзірлеуге қолайлы мұздатқыштар мен бүгінгі заман талабына сай газплиталар да орнатылған.

Шаруашылықтың бас агрономы, шаруашылық ардагері **Василий Локеспен** әңгімелескенімізде биылғы ораққа қажет жанар-жағар майға, элиталық тұқымға үкімет тарапынан бөлінген субсидиялардың дер кезінде қамтылғанына және ауылға үкімет тарапынан жасалып жатқан қолдау шараларына ризалықтарын білдіріп, соның нәтижесінде орақты да белгіленген мерзімде аяқтағандықтарын жеткізді.

Еңбекақы да жылдан жылға өсуде және ешбір кедергісіз мезгілімен төленуде. Сондай-ақ шаруашылық басшысы тарапынан халықты жем, шөппен, отын-сумен қамту мәселелері де оң шешілген. Халықтың өмір сүру сапасы осындай еселі еңбектің арқасында күннен күнге өсуде.



Бикен АХМЕТОВА

Суретте: озат бригадир Василий Батура және бригада агрономы Хамзина Айгүл егіс басында

## Құрметті нұралықтар!

Сіздерді аудан мерейтойының өту бағдарламасымен таныстыра отырып, туған жер үшін шаттанып, мерейтойға қатысуға шақырмыз!

Нұра ауданының 80-жылдығына арналған мерекелік іс-шараларды өткізу бағдарламасы.

- Уақыты: 2008 жыл 25 қыркүйек
- Өткізілу орны: Киевка кенті
- 9.00. — Ресми қонақтарды қарсы алу
- 10.00- 11.00 — Орталық саябақта мерекенің салтанатты ашылуы
- 11.00-12.00 — Қазақстан Республикасының халық әртісі Ескендір Хасанғалиевтың қатысуымен мерекелік концерт
- 12.00-13.00 — Үлкен теннис ойыны, мини-футбол (саябақта).
- 12.00-15.00 — «Қазақша күрес» спорт жарыстары (киіз үй қалашығында).
- 15.00 — 17.00 — Ат жарысы
- 18.00-19.25 — «Нұра-ашық жүректер мекені» театрландырылған қойылым
- 19.30-20.35 — Қазақ эстрада жұлдыздары Роза Рымбаева, Серік Мусалимов, «Нұр Мұқасан» ансамблінің қатысуымен гала-концерт
- 20.35-22.30 — Эстрадалық әндер фестивалі

## Уважаемые нуринцы!

Приглашаем всех принять участие в праздновании юбилея района, порадоваться за наш родной и цветущий край!

Программа проведения юбилейных мероприятий, посвященных 80-летию Нуринского района.

- Дата 25 сентября 2008 года.
- Место проведения: поселок Киевка
- 9.00 — встреча официальных гостей.
- 10.00-11.00 — Торжественная часть в центральном парке
- 11.00-12.00 — Праздничный концерт с участием народного артиста Республики Казахстан Ескендір Хасанғалиева.
- 12.00-13.00 — Игра в большой теннис, мини-футбол (в парке).
- 12.00 — 15.00 — Спортивные соревнования по «казакша күрес» (в юрточном городке)
- 15.00-17.00 — конно-спортивные соревнования.
- 18.00-19.25 — Театрализованное массовое представление «Нура — земля открытых сердец»
- 19.30-20.35 — Гала-концерт с участием звезд казахстанской эстрады: Розы Рымбаевой, Серика Мусалимова, ансамбля «Нур Мукасан»
- 20.35-22.30 — Фестиваль эстрадных песен

## Батаменен ер кегерер – немесе ауыл тұрғындарының алғысы

Құрметті редакция! Осы ауыл тұрғындарының атынан жолдап отырған алғыс хатты мен ауыл тұрғындарының атынан осы қасиетті Рамазан айында, ауылымыздағы мешітке тарауих намазына жиналатын қырықтың үстіндегі намаз- хандардың және ауыл имамау Дәуіт Әләйдәрулының тапсырысы бойынша жолдап отырмын.

Бұл алғыс хатты менен басқа бір адам жазғаны дұрыс болатын еді. Себебі осы алғыс жолданып отырған азамат, облыстық Мәслихаттың хатшысы, осы ауданнан сайланған депутат Жұмабеков Бейсембай Қуанышұлы, менің досым, әрі құрдасымның баласы. Сондықтан бұл хаттың авторы менен басқа адам болғаны дұрыс еді.

Өйткені біреулер мынау жақын болған соң әсіре мақтал жазып отыр деп айтуы мүмкін ғой.

Бірақ, мен ауыл тұрғындарының атынан және ауыл намазхандары – сіз жазыңыз намазхан және үлкендер қатарына болғандықтан сізге тапсырамыз – деп уәж айтқан соң, қолыма қалам алуға тура келді.

Осы үстіміздегі жылдың шілде айының соңында біздің ауылымызға, сыныптас болған жолдасының қазасына орай, осы өңірден сайланған депутат, облыстық Мәслихаттың хатшысы Бейсембай Қуанышұлы келген еді. Осы қазаға байланысты жиынға, яғни жаназадан соң, біздің ауылымыздың имамау Қуатов Дәуіт Әләйдәрулы, халық қалаулысы ретінде, Бейсембай Қуанышұлына – Бейсеке, сіз біздің мешітке бір көмек жасауыңызды етінемін. Мешітке халыққа жақсы естілуі үшін – дыбыс күшейткіш, қазіргі заман талабына сай аппаратура қажет болып тұр.

Ол біздің қолымызға түспейді және білетіндер бағасы өте қымбат екенін айтады.

Ал, Бейсеке болса, өтінішті қойын дәптеріне жазып алып, Дәуке қолдан келген көмекті жасаймыз, біз сол үшін қызмет атқарып жүргендер қатарындамыз ғой – деп жауап берген екен.

Міне ол – сол айтқан сөзіне бір ай мерзімге жеткізбей орындап, қасиетті Рамазан айының екінші күні, арнайы кісі жіберіп, бағасы жарты миллионға жуық тұратын шетелдік дауыс күшейткіш аппаратураны мешітімізге әкелтіп орнатқызып, іске қосқызып берді.

Сол күні кешке тарауих намазына жиналған, ауылдың саны қырықтың үстіндегі намазхандар, жаратқан иемізге жалбарынып, мұсылман әулетінің парызын орындап, осы аппаратураны орнатқызып берген азаматқа шын ниеттерімен алғысын айтып, үлкендері – абыройың ассын, бақытың тасысын, еңбегің жемісті болсын, еліңнің алғысына бөлене бер. Бала-шағаның қызығын көр – деп ақ баталарын беріп, ризалықтарын білдірді.

Егер жұмыстан қолыңыз босайтындай мүмкіндік болса ауылымызға келіп, өзің жасаған жақсы ісінді көріп, мешітке келуші мұсылман қауымның ақ батасын алып қайт. Осы мұсылмандығың үшін жаратқан иеміз. Сізге де жақсылық жасар деген үміттеміз. Өйткені Исламдағы түсінік бойынша және

Рабымыздың айтуынша мешіт – Алланың жердегі үйі.

Ал енді осы атқарылған жұмыстың нәтижесін осы күндері күнде көріп жүріп, өз басым төмендегідей қорытынды жасадым:

Қасиетті Құран-Кәрімде жазылғандай, ислам діні ешқандай зорлыққа, күш қолданбауға шақырады. Ол өз қатарын, тек қана үгіт-насихат жолымен Аллаһтың хақтығына сендіру арқылы ғана толтыруды мақсат етеді.

Ал исламға насихаттау кешегі кеңес заманын айтпағанда, дінге бет бұрған осы күні де, өте жетіспей жатқанын көзіміз көріп жүр ғой. Осы күрделі мәселе туралы исламның ғұлама ғалымдары бұрын да, қазіргі заманда да, басы бас мүфтий Әбсеттар қажы Дербісәлі болып, осы үгіт-насихат жұмысын күшейту, жандандыруды айтып та, жағып та жүр. Обалы не крек осы үгіт-насихат (ислам дініне қатысты) жұмысын еліміздегі қазақ тіліндегі БАҚ-ры да жазып-ақ жүр. Дегенмен біздің қазіргі қаптап кеткен, шетелден лап қойып еніп кетіп, нарық заманының дүниеге, ақшаға қызығушылығын пайдаланып, жастарымызды алдап (ақшамен) өз діндеріне тартып қтарларына кіргізіп алып жатқанын да көріп жүрміз. Міне, осы алмағайып дінге таластар кезінде ол бұдан былай тіпті өршіп түсуі мүмкіндігін ескере отырып, дін исламды уағыздау жұмысы өте мықты да нәтижелі болуы керек екенін ауадай қажет. Өйткені қазіргі жаһандану деген алдамшы дүниеге ертең кеш қалып, дініміз тұрмақ дініміз бен тілімізден де айрылып қалу қаупі туып отырғанын ашық айтуымыз керек.

Міне осыған орай біздің ауылдың мешітіне орнатылған аппаратураның пайдасы осы уағыз (үгіт-насихат) жұмысына да демеу болатынына көзіміз жетті. Оның мәнісі: Таңғы намазда, жұма намазында, қазіргі мезгілде (Рамазан айында) ждауыс күшейткіш арқылы азан шақырылғанда, ауылдың көпшілігіне дауысы естіліп тұрады. Бұл дегеннің мағынасы бүкіл ауыл тұрғындары мұсылманның азанына ден қояды. Деген сөз. Ауылдан мұсылмандық тіршілік басталып ел исламға ұмтыла басталды.

Ал мешіттің үргесіндегі орта мектепке мешіттің дыбыстар түгел дерлік естіліп тұр. Осы арқылы мектеп оқушылары да мешітке назар аударма бастады.

Сонымен біздің ауданның халқы дауыс беруі арқылы сайланған, ауылда өскен азамат, еңбек жолын қой бағудан бастаған, Жұмабеков Бейсембай Қуанышұлына ауыл халқының атынан ризашылығымызды білдіріп, алғыс айтамыз. Ауыл ақсақалдарының ақ батасын жеткізіміз келеді:

Айналайын, Бейсеке!  
Абыройың ассын, бақытың тасысын,  
Жұмысын үнемі жемісті болып,  
Өмірде әр басқан қадамның алға бассын,  
Еліңе абыройлы болып, алғыс үстіне  
алғыс жалғассың!  
**Қорабай Досжанов,**  
Кертінді ауылының қарт тұрғыны,  
еңбек ардагері.

## Нұрлы – Нұра

Нұра деген өзенім бар әлемде,  
Қазағымның Сарыарқадай жерінде.  
Аяқталса Теңіз атты Қорғалжынның  
көлінде,  
Басталады ғажап сұлу Қарқаралы елінде.

Нәзік талдар жағасында жайқалған,  
Бұлбұл құстар әуелетіп ән салған.  
Сексен жылдық тарихы бар мекенім,  
Бүгінгіде Нұрлы-Нұра атанған.

Қарт таулары бұлттарменен теңескен,

Қырларында мың бұралып гүл ескен.  
Әр тарихты Қара-Нұра бойында,  
Ғұлама, ақын, жайсаң жандар күн кешкен.  
  
Құтты болсын сексен жылдық мерейің,  
Саған арнап жыр қазына төгейің.  
Гүлдене бер Нұрлы-Нұрам әрқашан,  
Мен өзінді тарихтардың тек төрінен  
көрейің.

**Олжас Асығатұлы Қоқанов,**  
Қазтұтынуодағы Қарағанды, экономика,  
бизнес және құқық колледжінің оқушысы.

## О проведении национальной переписи населения в 2009 году

Правительством Республики Казахстан принято постановление от 28 ноября 2007 года №1138 «О национальной переписи населения Республики Казахстан в 2009 году», в котором установлен срок проведения переписи населения в период с 25 февраля по 6 марта 2009 года, утвержден план мероприятий проведения национальной переписи населения.

Предстоящая перепись населения имеет большое социальное-экономическое значение. По результатам переписи населения будет получен широкий круг показателей, характеризующий численность населения, их распределение по городской и сельской местности, полу и возрасту, брачному и семейному состоянию, национальному составу, степени владения языками, образовательному уровню, охвату обучением, числу и размеру домохозяйств, источникам средств существования, занятости, жилищным условиям и др.

Переписи населения проводят в течение нескольких дней, в период, когда люди наименее подвижны (в Казахстане - зима), чтобы расселение людей на момент переписи как можно больше соответствовало обычному.

В соответствии с мировой практикой перепись населения в Казахстане будет

проводится методом опроса населения специально уполномоченными и обученными работниками (счетчиками) путем заполнения ими переписных листов при обходе жилых и иных помещений. Переписные листы заполняются счетчиками со слов опрашиваемых. Население переписывается по месту своего постоянного (обычного) места жительства, которое может являться домом, квартирой, комнатой, где опрашиваемый обычно проводит большую часть своего времени. Переписью должно быть охвачено все население, которое на момент переписи будет находиться в гостиницах, больницах, вокзалах, аэропортах в поездах.

Большое значение в подготовке к проведению переписи имеет массово-разъяснительная работа среди населения, информирование всех жителей о проведении переписи, формирование у них позитивного отношения, стимулирование участия в переписи и предоставления достоверных данных о себе. От того, насколько население осознает государственную важность данного мероприятия, зависит успех переписи и ее результаты.

Отдел статистики Нуринского района,  
уполномоченный по переписи  
**МУРАТУЛЫ САЯТ.**

## Оразаның адамзатқа әкелер пайдасы

Тақуалық –иманды, көркем мінезді, парасатты жан болып, Алла тағалаға мойын ұсынып, «толық адам» шынына қарай «нұрлы ақылды» шырақ, «жылы жүректі» шырақ етіп, ыждақаттылықпен қадам басып қайраттану. Демек, оразаның мақсаты-жанды рухани кірден тазартып, көркем мінезге тәрбиелеу, нәпсіге ауыздық салып, тізгінді қолға алу. Аса ойшыл Ибн Рушид былай дейді: «Егер кімде –кім еркі мен нәпсісіне ие болса, онда ол өзін әлемнің ең бақытты адам-мын деп санасын». Жалпы адам баласының толық адам шынына жетуі мен көркем мінезді болуының негізі-нәпсіге ие болуында жатыр. Нәпсі бойдағы құмарлық сезім. Ол өзіне қол келетін барлық нәрсеге қол сұққысы, татқысы келеді. Оның өлшемінде шек жоқ. Бүгінгі, тіпті бір сәттік ләззаттың ертеңі мен мәңгілік бақытына айырбастап, яки сатып жіберуге қашанда құбылжып тұрады. Асылында, ол үшін ертең жоқ.

Міне, осы кезде ақыл релі ойнай бастайды. Ақып-жақсы мен жамандықты айыра білетін негізгі құралы. Бірақ сол ақылдың да өлшемі шектеулі. Оның бүгінгі жақсы дегені, ертең жаман, жаман дегені, жақсы болуы әбден ықтимал. Міне, осы кезде ақылға бүгінгі мен ертеңде жаңылыспайтын өлшем қажет. Бұл-иллаһи өлшем, сондықтан ақыл жүректен бірігіп, Алла тағаланың бұйрығын орындап, ауыз бекітеді. Нәпсінің барлық күш-қуаты осы ауыз арқылы өтеді, нәпсі қаншама ақыл мен ерікті ауыз ашуға зорласа да, ол екеуі ұлы Жаратушының бұйрығынан аса алмайды. Ашыққан нәпсінің құмарлық сезімі әлсіреп, деңгейі төмендеп кетеді. Осы сәтте адам бойына рухани қарғын жүре бастайды да, жүректің түпкірінде, нәпсінің қалтарысында қалған ар-ождан күллі адагершілік сезімдерді оятып, туралыққа бастайды. Яғни, негізгі релі мен тізгінді ар-ождан қолға алып, адам жаны рухани ләззатқа шомыла бастайды. Бәлкім ол сонда ғана құмарлық сезімдерден татқан ләззатынан, рухани сезімдерін алған ләззаттары елде қайда басым екенін аңғарып, оның бұдан кейінгі бар арман тілегі - толық адам шыны бола бастайды. Толық адам шыны – рақымшыл, мейірімді кешірімді болу секілді. Нәпсіні тәрбиелеп, жолға салуда аштық пен шөл өте үлкен рөл атқарады. Бірақ ораза тек Алла рәзілге үшін болу керек. Кісі өздігінен аш қалып, дйттеген мақсатына жете алмайды. Толық адам болу жолындағы барлық қадам Ұлы жаратушыға арналу керек. Мұхаммед (с.ғ.с.) хадисте Алла тағала: « Ауызы берік адам ішіл-жеуін мен үшін доғарады. Ораза мені мен құлымның арасындағы ғибадат. Оған берілетін сыйды мен ғана өлшеп, мен беремін, аузы берік құлымның аштықпен сусағандықтан шыққан ауыз ісі мен үшін миск әтірінен де тамаша» -деді.

Ораза ұстаудың ауызы берік адамдарға ғана емес, сонымен қатар қоғамдық пайдалары бар. Ораза-елдегі дәулетті адам мен жоқ-жідік арасында байланыс туғызады. Көбінесе ауқатты адам жасынан өмірдің ауыр тіршілігін көріп, тауқыметін арқаламай ескендіктен, жанашырлық сезімнен мақрум қалу мүмкін. Қазақ «аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш қалам деп ойламайды» деп айтқан. Кейде адам байлыққа батқан соң, айналасын ұмыта бастау мүмкін, бірте-бірте аңғалдықтың құрығына түседі. Осы сәтте оның өмірге деген көзқарасы өзгереді. Нәпсісі аттан салып, бойдағы жанашырлық сезімін тұншықтырып тастайды. Дәулетті адам осындай күй кешкен елден берекет кетеді. Мұндай қоғам ауыр дертке душар болып, елде жүйе бұзылады. Ауқатты адамдар қол астындағы жұмыс істеген адамдарына төбеден қарайды. Алауыздық осындай туады. Байлыққа ма-

станған қашанда бас пайдасын ойлайды. Мұндай кісі еш уақытта жоқ-жідіктің қалын ұға да, сезе де алмайды. Адам ораза ұстап, сәресіден кешке дейін аш қалғанда ғана айналасына басқаша қарай бастайды. Аш адамның бойында тасыған нәпсі бірте –бірте әлсірейді де, жүректің тереңіндегі мейірім шапағат сезімі оянады. Ол сонда ғана аштықтың қандай екенін аңғарады. Өзініңде жәй ғана пенде екенін сезінеді. Ал ояған мейірім шапағат жалпы адам затқа, тіпті әлемге деген сүйіспеншілікті өзімен бірге ала келеді. Сонда әлгі кісі, адам тұрмақ, жан-жануарға да сүйіспеншілікпен қарай бастайды. Рамазан айы рақым айы болуының сыры да осында жатыр. Адам мен адамның, адам мен әлемнің арасында достық, махаббат байланысы болады. Міне, адамның бойынан мейірім-шапағат тауып, оны айналасына нұрлы шашу ету- Алла тағалаға деген нағыз шүкіршілігі болып табылады.

Негізі адам баласы өзіне берілген нығмет пен ырыс берекенің қадырын біле бермейді. Сыйсияпат етіп берген ырыс-берекені бейне бір тегін дүниедей тегіп шашады. Әр түрлі тәтті тағамдарды да бейіліп жейберген соң, ауыздан дәмі кетіп, бал, бал болудан қалады. Мұндай күйге түскен адам еш уақытта тамақтың қадірін сезе алмайды. Ал адам баласы ауыз бекітіп, күні бойы аш қалғанда, тағамның Алла тағаланың құлына жайған дастархандағы үлкен ырыс-берекесі екенін аңғарады. Ол күні бойы аш қалып, кеш құрым ауыз ашқанда, ауызына салған қатқан нанны да қаншалықты қадірлі екенін сезеді.

Атам қазақ «Аштықта жеген құйқаның» дәмі қырық жыл ауыздан кетпес, дәуірінің сыры осында жатыр. Тоқ адамның дәл солай сезуі әсте мүмкін емес. Мұндай қоғамның экономикасы да оңайлықпен құлдырамайды. Иә, аштықты сезбеген, дүние-мастықтан айыға алмас. Адам баласы өмірге жылап келіп, жылап кетеді. Неге? Өйткені өткіштің фәниде дйттеген мақсатына қолы жете бермейді. Кейде жылдар бойы өз мақсатына қарай қадам басады да орта жолда болдырып, күдерін үзеді. Кейде шыдамы таусылып қолын бір-ақ сілтейді. Міне, ораза ғұмырда асқақ арманына асыққан адамның иығына сабырдан садақ асады. Ай бойы аш қалып, күндіз ауызын ашпауға бекініп, әбден дағдыланған адамның бойында сабырлық пен шыдамдылық сезімі күшейіп еркен жаяды. Аштық пен құмарлық сезімге сабыр қылған, өзгеге де сабыр ете алады. Бойдағы ашуға сабыр – тізгінін салып, жанарында ойлылық пайда бола бастайды. Бұл ғұмырда нағыз сабыр-өз нәпсісін жеңе біліп, Алла тағаланың көрсеткен тура жолында жүруге бел байлау. Ақирет әлеміндегі асқақ шыңынан көз айырмау. Оразаға төзе білген өзге ғибадаттарға да шыдамдылық таныта алады. Сабырлық сақтай білген жан ғана, дйттеген мақсатына жете алады. Құранда жетпіске жуық аятта сабыр мадақталған. Құранда: «Алла тағала сабыр еткендермен бірге» - деп баян етеді.

Ораза бізді сабырлыққа, қиындыққа мойымауға, еркі-жігерімізді шындауға үйретеді. Қолдағы бар игіліктің қадырын біліп, ысыраптан сақтануға шақырады, Мискіндерге қол созып, көмек көрсету, мейірім, шапағат беру сияқты адамзатқа пайдалы сезімдерге жетелейді. Оразаның сенімге, мінез-құлыққа, денсаулыққа және әлеуметтік пайдасының үлкендігін осыдан білеміз.

Алла тағала баршамаңызды Рамазан оразасын ынта-ниетімен тұтушылардан етіп, қиямет күнінде ораза ұстағандар кіретін Өр-Раийан есігінен кірушілер қатарындағылардан өтсін. Тұтқан оразаларыңызды Алла тағала қабыл өтсін. Әмин!

**Қ. КОНЫСКЕРЕЙ,**  
Нұра аудандық мешітінің имамау



**ФОТОЭТЮД**  
**Әр тұрғын**  
**өз үйін,**  
**мекемесін**  
**көркейтсін,**  
**гүлден-**  
**дірсе, кең-**  
**тіміз де**  
**гүлденіп,**  
**көркейді!**  
"Нұра" газетінің редакциясы

## Құттықтаймыз!

Байтуған ауылының тұрғыны **Бегімбаев Мұстафа Көбенұлы** 50 жасқа толған мерейтойымен құттықтап, зор денсаулық, мол бақыт, сарқылмас қуаныш, ұзақ та мерейлі ғұмыр тілейміз.



Елу деген еңселі жас, мәнді жас,  
Елу деген ертегі жас, сәнді жас.  
Шын көңілден ізгі тілек айтамыз,  
Болашақта бола бер деп мәңгі жас.  
Көк аспанда күлім қағып күн тұрсын,  
Бойдағы арман биіктерге ұмтылсын.  
Көңіл-дария кіршіксіз боп ардайым,  
Өмір әмән қыр күліндей құлпырсын!

Ізгі ниетпен: апасы- Гүлсім, жиендері: Арғын-Сәуле, Айдар-Айгүл, Дина, және жиеншарлары: Серік, Арман, Замзат, Аслан, Сұнғат. №437



**Әлханов Нұрпан Сайлаубайұлы** 40 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Әлемдегі барлық жақсылықты тілей отырып, мына елең шумақтарын Сізге арнаймыз:  
Туған күніңіз құтты болсын,  
Денсаулығыңыз мықты болсын,  
Отбасыңыз, бала-шағаңыз аман болсын,  
Үйіңізге бақыт құсы келіп қонсын.  
Бақытыңыз бастан кетпесін,  
Жамандық қуып жетпесін,  
Әсем күлкі жүзіңізден,  
Өмір бойы кетпесін.  
Алла берген бағыңыз ортаймасын,  
Әрқашан көңіліңіз қартаймасын.

Тілек білдірушілер: Пушкин орта мектебінің ұжымы №443

Нұра ауданының 80 жылдығына орай

**Алғашқы депутат әйел**



Ауданымызда ерлермен бірдей еңбек етіп, үзегілес болған әйелдер баршылық. Солардың ең алғашқысы – Балайым Жақыпбекова. Кеңес дәуірінде қоғамдық өмірге белсенді араласып, сауатын ашып, ауыл кеңестері жұмысын жүргізген апамыз алғашқылардың бірі болып аудандық, одан соң облыстық кеңеске депутат болып сайланып, үлкен қызмет атқарған.

Балайым Жақыпбекова 1906 жылы Ақмола губерниясы Ақмола уезінің Нұра болысының №5 ауылында туған. Еңбек жолын Қарағанды облысы Нұра ауданы Савельевка селосында ауыл шаруашылығында бастады. Балабақшаның меңгерушісі, сауыншы, 17 лет Ок-

тябрь (қазіргі Жараспай) ауылында бұзау күтуші болып істейді.

1938 жылы халық депутаттары Нұра аудандық кеңесінің атқару комитеті төрағасының орынбасары болып сайланды. 1938-1942 жылдарда Қарағанды облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып қызмет етті. Ұзақ уақыт Көкөзек ауылында Қорғанжар селолық Кеңес атқару комитетінің төрағасы қызметін де атқарды.

Б.Жақыпбекова 1938-1946 жылдарда Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутатына сайланды. «Құрмет белгісі» орденімен, көптеген медальдармен, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен марапатталған. Оған «КПСС қатарында 50 жыл» белгісі тапсырылған. Респубикалық дәрежедегі дербес зейнеткер Балайым Жақыпбекова 83-ке қараған жасында дүниеден қайтты.

Ауданның 80 жылдық тарихында өзіндік ізі бар, туған өлкесіне қажырлы еңбегін сіңірген, ұзақ жылдар шаруашылық, кеңес қызметтерін мінсіз атқарған, ауданнан шыққан алғашқы ҚазССР-інің депутаты Балайым Жақыпбекованың жарқын есімі, өмірі келешек ұрпаққа үлгі-өнеге.

Айнұр НҰРДӘУЛЕТҚЫЗЫ

**Тылдағы нұралықтар!**

Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап-ақ барлық елдерді әскери тәртіп бойынша қайта құру жұмыстары басталып кетті. Одақ құрамындағы осындай елдердің бірі Қазақстан 150 эвакуацияланған өндірісті өзіне қабылдады. Еңбекші депутаттар Кеңесі де өз жұмысын әскери тәртіпке сай өзгертіп, жауға құйрете соққы беру үшін жұмыс істеді. Осындай жұмыстардың біріне назар аударсақ: Нұра аудандық еңбекшілер депутаттарының 11 сессиясында сөйлеген сөзінде «аудан колхоздары Қызыл Армия жауынгерлеріне 1942 жылы 1941 жылмен салыстырғанда астықты 10 мың центнерге көп берген», - деген сөзінен ақ аңғаруға болады.

Көктемгі егіс көлемі 1941 жылы 28650 га құраса, оны игеруге 42 күн кеткен. 1942 жылы колхозшылар тыным таппай жүріп 33350 га жерге себілетін дәнді 36 күн ішінде аяқтаған.

Сөзіміз дәлелді болу үшін аудандық жер комитеті басшысы Самойлюк мырзаның аудандық еңбекші депутаттарының 11 сессиясында сөйлеген сөзінде «аудан колхоздары Қызыл Армия жауынгерлеріне 1942 жылы 1941 жылмен салыстырғанда астықты 10 мың центнерге көп берген», - деген сөзінен ақ аңғаруға болады.

«Трудовик» колхозының жұмысшылары да аянбай еңбек еткенін атап өткен абзал төрағасы Покошевский, «Новая жизнь» колхозының төрағасы Кончаров, «Ынтымақ» Ахметов Мырза бұлардың барлығы да сол жылдардағы мал есімі мен егіс алқабының ұлғаюына үлес қосқан жан-дар.

Мал шаруашылығы саласында Жамбыл атындағы совхоздың қойшысы Марқабалғ Плеуберген ағамыз 326 қойдан 449 төл алып, Калинин атындағы колхоздың қойшысы Дятлова Ксения 1 аналық шошқадан 20 торай алған.

Аудандық қорғаныс қорына 1942 жылдың маусым айының бірінен санасақ 95 ц ет, 10625 кг сүт, 1190 ц нан, 510 мың рубль облигацияланған ақша, 45194 рубль танк коллоннасын салуға жиналған, 2436 кг жүн, 30114 жұп жылы киімдер тапсырылған.

Нұра ауданының шаруалары сағыс кезінде бұрын соңды болмаған жоғары көрсеткіштерге жетіп алдыңғы саптардан көріне білді.

Нұра аудандық еңбекшілер депутаттарының 12 сессиясының хаттамасында «егіс алқабын игеру жоспардан асып жығылды, Жоспардағы 32880 га орнына 33201 га егін отырғызылған. Жер өңдеуде 6578 га бағындырдық, егін жинау 32 күннің орнына небары 22 күнде аяқталды, үкіметке астық тапсыру 30 күн бұрын орындалып, 60149 пұт нан үкіметке сатылған, оның 28800 пұты колхозшылардың үлесінде, тракторшы Оноприенко Максим Семенович ЧТЗ тракторымен 546 га жердің шөбін орып 135 кг жанар май үнемдеген, Смайлов Баргара «Коммунар» комбайнымен 14 жұмыс күні ішінде 350 га жердің шөбін шауып, 750 кг жанар-жағар май үнемдеген, «Алғабас» ауылының ұстасы Клестер ауылшаруашылығы бұйымдарының барлығын сапалы жөндеуден өткізіп, 189 пайызға асыра орындаған».

Осындай жетістіктердің барлығы да алдыңғы қатарлы жұмысшылардың арқасында. Олардың тынымсыз еңбегі мен қажырлы қайратының арқасында біз бүгінгі күні тәуелсіз еліміздің ұланымыз. Олар Отан үшін жанын қиып бел шешпей жұмыс істеді.

Соғыс жылдарындағы аса ауыр кезеңдерге қарамастан Нұра ауданының халқы бір кісідей жұмыс істеп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білді.

Даңқты қолбасшы, Совет Армиясының жауынгері, жазушы Бауыржан Момышұлының сөзімен айтсақ «Бұрынғы ерліктерді білмей, бағаламай ескермей тұрып жаңа ерліктерге шақыру бекершілік», - дегендей биылғы жылы ауданымыздың 80 жылдық мерекесі қарсаңында нұралақтардың, оның ішінде қарапайым бұқара халықтың да еңбегін бір уақыт бағалап еске түсіргеніміз жөн ағайын.

Б.ТҮСІПОВ

**«Говорит местный радиоузел»**



Моя детская память четко запечатлела вот такую картину: вдоль улицы натужно ревя и выбрасывая из выхлопной трубы шлейф черного густого дыма идет гусеничный трактор и тащит какой-то агрегат, оставляя за собой вспухшую полосу разрезанной земли. Как позже я узнал, это был кабелеукладчик. Вскоре к нам в дом пришел дядя и прибил на стену круглую штуковину, а чуть повыше ее на вбитом гвозде повесил какой-то ящичек (это были розетка и радиодинамик «Север»). Какой же это был год, и сколько оно было лет?..

Когда я писал этот очерк и беседовал с Николаем Дмитриевичем Ермоленко, одним из первых, кто начал работать на местном радиоузле и рассказал ему о своем детском впечатлении, он меня разочаровал. Оказывается, это не было началом радиодиффузии, а начала видеть я и не мог, поскольку мне тогда не было и трех лет. Тогда мы с Николаем Дмитриевичем и его женой Людмилой Ивановной стали уточнять время и год, когда в село пришло радио. И тут Людмила Ивановна вдруг спросила: «А в каком году умер Сталин?». Я ответил, что 5 марта 1953-го. «Так вот, - заключила она, - радио у нас уже было».

Выходит, что Ивановка радиодиффузиялась где-то на рубеже 1951-1952гг. Первым, кто работал на местном радиоузле был ныне покойный Александр Данилович Малахов. А в 1952-м, после окончания Ивановской семилетки и прохождения месячных курсов обучения в г.Караганда вместе с Малаховым стал работать и Николай Дмитриевич Ермоленко. Сейчас ему уже 69 лет.

Сидим и вспоминаем прошлое Ивановки. Если взять за точку отсчета 1950 год, то как разительно все поменялось за эти 58 лет в сфере радио и телевидения! Почти в каждом доме - радиоприемники, транзисторы, телевизоры, магнитолы и т.п., а у многих и компьютеры. Чуть ли не в каждом дворе стоят спутниковые антенны... А начиналось все с того самого ра-

диодинамика «Север». И картина та с трактором и кабелеукладчиком могла быть в 54-55 годах, поскольку, как сказал Николай Дмитриевич, первая радиодинамика проходила по электрическому столбам, так называемая «воздушка». А уже после была проложена кабельная линия.

Что собой представлял местный радиоузел. Это был мощный радиоприемник, который принимал радиосигналы на антенну и через усилитель передавал по линии на радиодинамику. Настройщиком этой аппаратуры в то время был Василий Иванович Оноприенко. Сам он проживал в Киевке, но всегда приезжал и очень добросовестно выполнял свои обязанности.

Вообще местный радиоузел играл значительную роль в жизни сельчан: по нему многие ложились спать и вставали по утрам, поскольку радиотрансляция начиналась с шести утра и велась до 12 ночи с дневным перерывом. Радиоузел был средством оповещения сельчан. Я хорошо помню этот голос: «Внимание, внимание, говорит местный радиоузел». Это был голос Ивана Михайловича Дильмана, который тоже раньше работал на местном радиоузле. С ним в паре работал Василий Алексеевич Иванишин (оба ныне покойные).

Мы, школьники, частенько приходили на студию звукозаписи и выступали с концертом художественной самодеятельности, который транслировался по местному радио. Помню даже, как мы переговаривались сидя дома посредством своих радиодинамиков, т.е. говорили в них и смешили друг друга. Вероятно, дежурный на радиоузле забывал выключить питание и радиодинамики становились вроде телефонов.

Вскоре в домах сельчан появились и свои радиоприемники: «Родина», «Рекорд», «Мелодия» и другие. Соседи ходили к друг другу и хвалились своими приобретениями. Мой отец тоже вскоре купил радиоприемник «Урал-57» и я ночью просиживал у его зеленого глаза. Дома уже все спали, было темно, светился только этот глазок и розовела радиошкала. Сейчас я с уверенностью могу сказать, что и «Север», а потом и «Урал - 57» сыграли в моем развитии, как личности, куда больше, чем теперешнее телевидение. Они приобщили меня к классической музыке, высокой поэзии.

В.ТУЛЯКОВ, с. им. К.Мынбаева

На снимке: Н.Д.Ермоленко (конец 70-х)

**«Ғасырмен үндес дауыс»**

Ел басына түскен ауыртпашылық адамдар санасында ешқашан ұмытылмауы тиіс. Тарихтың ащы сабағынан үйренбей, зерделемей бүгінгі тәуелсіздік алған елімізді ілгері дамыту мүмкін емес. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың жарлығымен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнін жыл сайын атап өтудің мәнділігі сондықтан да туындап отыр. Біздің қазақ халқы кең байтақ кесілген даласын қорғау жолында ғасырлар бойы күреспен өткізген екен. «Ақтабан шұбырындыны» бастарынан өткізіп, ел жоңғарлар шабуылынан тынып, бейбіт өмірге көшіп, үйі-үйір мал өсіріп, тұрмыстары жақсара бастаған шақта патшалық Ресей бұғауына тап болды. Қазан төңкерісінен кейін большевиктер партиясы ұстаған жол да біздің халқымызға жақсы тұрмыс әкелген жоқ. Кешегі Кеңес өкіметінің негізгі мақсаты ұшан-қиырсыз қазақ даласын бір-жолға иемдену ғана емес, оның жергілікті халқының ұлттық тілін, біржолға иемдену ғана емес, оның жергілікті халқының ұлттық тілін, салт-дәстүрін жойып жіберу. Жыл сайын мамырдың 31-ші күнін сайын осы қаралы жылдардың құрбандарын Кебетей халқы зор ұйымшылдықпен, ықыласпен еске түсірді. Ауылдың шет жағында аштық жылдары көз жұмған бейбатарды апарып құлата салатын жерлер болады екен. Кейінгі уақытқа дейін орға түспей жердің бет жағында қалған өліктердің сүйектері шашылып көрініп жатыпты. Міне, сол жер темір шарбақпен қоршалып, ескерткіш орнатылған. Осыдан кейін көп оқиғаларды көзбен көріп, құлақпен естіген куәгер ауылымыздың жергілікті ақыны, жас ұрпақ тәрбиешісі – ұстаз, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі және менің үлкен атаммен ағайын Махмет Темірұлына сөз кезегі берілді. Ол кезде Махмет Темірұлы 9-10 жаста екен. Халқымызға қара түнек қасірет-қайғы орнатқан миллиондап саналатындарды аштық құрбаны еткен 1931-1933-ші нәубет жылы туралы бізге 9-11 сынып оқушыларына өңгімелеп берді: қазақтың бастан кешкен қайғылы оқиғаларының ең ауыры Сталин басқарып орындатқан ұжымдастыру кезеңінде болған 1931-1933 жылдардағы аштық еді. Мәскеуде отырып билік тұтқасын берік ұстаған, қазақтың көшпелі өмірінен еш хабары жоқ ол өзіне ұқсаған қатал, адам баласына жаны ашымайтын қанды балақ жендеті Голлохендиді әдейі Қазақстанды билеуге жіберді. Ол келді де «Кіші қазан» төңкерісін жасаймын деп халықтың күнелтіп отырған малдарын қолдарынан тыптып қылып тартып алдырды. Күн керісінен айрылған момын халық аштықтан толаң тиген қойдай қырылды. Мұндай сұмдықтың дүние жүзінде бірде-бір халқы басынан кешіріп көрген емес. Мұнымен салыстырғанда 1723 жылы болған «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қасіреті де қазақ даласын тұтас қамтылған емес, яғни елең жолдарымен келтіргенде:

Бұрынғы «Ақтабаннан» мынау жаман, Бүгінде есебі жоқ қырылған жан.

Күйзелсе онда жаудың жеткен жері

Бұл күнде жер болмай тұр қалған аман.

Елдің осылай аштықтан жаппай қырылып жатқанын хабарлаған қазақ оқығандарының арыздарына кеңіп аудару түпкі Сталиннің естігісі де келмеді. Өзінің туған жерінде қолдан жасалған аштықтан қырылып, жоқ болып кетуге айналған халқына көмек көрсетуге тырысқан ерлердің өз бастарына қатер төндірді. Ақыры оларды аяусыз жазалап, көбісін құртып жіберді. Ауылда шешетін нар таба алмай аштан өлгендерді де өз көзіммен көрдім. Бұл бірдеңе табам ба деп үй-үйді жағалап жүріп далада өліп қалғандар. Біз тұратын Балықшы деген ауыл аудан орталығынан жиырма шақырымдай жерде орналасқан. Сол екі арадағы жолдың бойында қысты күні біздің ауылға таяу жерде екі адам өліп қалған екен. Жаз шыға, күн жылына денелері иістеніп, саси бастаған. Жолға таяу жерде болғанмен жолшауылап әрі-бері өткен кісілерге көріне қоймайтын қарағанның арасында. Жүруге шамалары келмеген соң қарағанның арасын паналап жатып өліп қалған. Екі-үш бала жуа теріп, қызғалдақтың түбін қазып жеп жүрміз. Мұнымыз еріккендіктің ісі емес, аш қарынға жұбаншы табу. Бір кезде менімен құрбы Төребай: «Ойбай, мұнда өлген адамдар жатыр» - деп шошына айғай салды. Өзі бір нәрсеге үңіле қарап тұр. Ол оны – мұныдан сескеніп, қорқа қоймайтын ежет болатын. Мен оның шақырғанына жетіп барсам, біріне – бірі таяу жатқан екі өлік. Үстіндегі киімдеріне қарағанда бірі еркек, бірі әйел сияқты. Мен олардың ық жағынан барған екенмін, сасық иіс кеудемді алып кетті. Мұңкіген сасық иістен сескенгендіктен және өліктерден қорыққандықтан оларға қарай алмай теріс бұрылдым. Ауылды да, қаланы да аштық жайлап алған. Қырылып жатқан бірыңғай қазақтар. – Мен бала күнімде аштық апатын өз көзіммен көріп те, және айтулардан естіп те білген едім. Ол менің жас жүрегімді жаралап үлгерген еді- деп аяқтады сөзін ақын ағамыз. 1923 жылы Амантауда дүниеге келген Махмет Темірұлы 9 жасында әкесі көшіп, Ұлықөл, Қарағандыны бетке алып, осы Балықшы өңіріне келіпті. Қытайға да кетпекші болса керек. Малды тартып алған соң әйгілі колхоздастыру әуелі малға содан соң жанға қырғын әкелді. Жаңаарқадан аштыққа ұшырағандар келе бастайды. Аудан орталығы болған Кертіндегі келіп жетіп қырылады. 1932 жылы Балықшыға дейін келіп аштықтан қырылған халықты Мақаң көзбен көреді.

Басынан өткерген сан қилы азаптарға қарамастан ол кісі әлі ширақ, ой өрісі кең, шығармашылық қабілеті де сарқылмаған, қазір Мақаң өзінің шығармашылық шабытының шарықтаған шағында десек асыра айтқандық емес. Ол кісінің: «Қилы кезең», «Арман мен азап», «Қуан қазақ азаттық алғаныңа» атты үш бірдей жинағымен танысып, сүйіп оқыған оқырман қауым әлі де ақын ағамыздан күтері ете көп.

Еркін ҚАЛҚАМАНҒҰЛЫ,

1942 жылдың көктемгі егістік шаруашылығын 1941 жылмен салыстырғанда жоғары дайындықпен қарсы алды.

## Нұра ауданының 80 жылдығына орай

Мыңбаевтың туған күні ұзғасында

## Қазақ биология ғылымының көшбасшысы

**Көрнекті селекционер-ғалымның бергеннен берері көп еді. Бірақ әуе апаты оны кемеліне келіп, кемеріне толған шағында үзіп түскен болатын**

Тарихынды білмей, өткенің туралы әңгіме қозғау мүмкін емес. Ал әңгіме жеке адам, отбасы, ел туралы қозғалғанда бұл қағидат әлденеше есе айықтала түседі. Тарих пен адамның осынау бір өзіндік байланысы қоғам мен өмірдегі кез келген құбылысты қиналмай түсіндіруге, ауырсынбай ұғындыруға жағдай туғызады.

Тағдырдың жазғаны шығар, ол бар болғаны 42 жыл ғана ғұмыр кешті. ВАСХНИЛ-дің 1948 жылғы атышулы тамыз сессиясы өткеннен кейін көп ұзамай әуе апатынан көз жұмды. Сол сессияда сталиндік-лысенковтық генетика ғылымы жеңіс тойын тойлап, алқалы жиын нағыз ғалымдар – академик Николай Вавиловтың ісін жалғастырушылар үшін қасіретпен аяқталғаны мәлім...

Бірақ бір нәрсе анық. Ірі биолог-селекционер, еліміздің бүгінгі аграрлық ғылымының ұйымдастырушысы және негізін қалаушы болған Көрім Мыңбаев кең байтақ Қазақстанның әр бұрышының гүлденуі мақсатында тер төккен туған Отанының нағыз азаматы ретінде есте сақталмақ. Бұл арада оның замандастарының – дос-жарандары мен жора-жолдастарының, шәкірттерінің ертеректегі және кейінгі жарияланымдары, естеліктері көмекке келеді. Ал К.Мыңбаевтың араласқан адамдарының да осылар маған төмендегі есімдердің өзі-ақ аңғартады. Олар: Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Әб.да Тәжібаев, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Сапарғали Бегалин, Манарбек Ержанов, Жүсіпбек Елебеков, Күләш және Қанабек Байсейітовтер, Шара және Құрманбек Жандарбековтер, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Михаил Усанович, Николай Вавилов, т.б. Бәрі де жас болатын. Көпшілігі бертіңге дейін өмір сүрді. Ұрпағына Көрімнің адам, ғалым ретіндегі жарқын бейнесін ұмытылмастай етіп жазып кетті.

К.Мыңбаев қазаға ұшырайтын жылы Б.Момышұлы Алматыда тұрып жатады. Мәскеуге ұшар алдында Көрім Бауыржанға бірге ұшайық деген ұсыныс айтады. Бірақ ұлы Бақытжан аяқ астынан сырқаттанып қалғандықтан, Баукең баласының жанында қалуға мәжбүр болады. Келесі күні Алматыға бортында Көрім, т.б. ғалымдар бар ұшақ әуеде жарылып кеткені жайында қайғылы хабар жетеді. Ешкім де тірі қалмайды. «Менің сол жолаушылардың кез келгенінен, өсіресе өзім аса қадір тұтып, құрметтейтін Көрімнен артық ештеңем жоқ, тек кездейсоқтық қана өмірімді сақтап қалды», – депті Б.Момышұлы сол оқиғадан соң.

К.Мыңбаев 1928 жылы Ақмола қаласындағы орыс-қырғыз приход мектебін бітіргеннен кейін Ташкенттегі Орта Азия мақта-иригациялық институтының жаңа техникалық дақылдар факультетіне түседі. Грузиядағы Кавказ тәжірибе стансасының, Қазақ ауыл шаруашылығы институты дәрвинизм кафедрасының ғылыми қызметкері, доцент болады. Педагогикалық қызметпен бір мезгілде ол ғылыми-өндірістік бірлестіктің техникалық директоры қызметін атқарады. Сөйтіп, аса қысқа мерзімде – институт бітіргеннен кейін бар-жоғы екі жыл өткенде каучук беретін өсімдіктердің талас тудырмайтын маманы болып қалыптасады.

1936 жылы жас агроном академик Н.Вавиловтың назарына ілігіп, ол Ленинградтағы Бүкілодақтық өсімдіктану институтының аспирантурасына шақырылады. Аспирантурада оқыған жылдары қазақ ғалымы «Көксағызды жақсартудың негізгі жолдары» деген тақырыпта ғылыми-зерттеу жұмысын орындайды. Жас Көрім үшін осы кезең оның

ғалым ретінде қалыптасу мектебі болады. Ғылыми зерттеулерінің тақырып ауқымы айтарлықтай кеңігімен, қызықты әрі көкейкестілігімен ерекшеленеді. Өйткені, көксағыз қажет етілмейтін сала халық шаруашылығында жоқ еді. Ресей көксағыз пайдалануда 1913 жылы әлемде 7-ші орында болса, КСРО 1940 жылы әлемде 2-ші, Еуропада 1-ші орынға шықты. Бұл өнім аса зор әскери-стратегиялық маңызға ие болғандықтан, оған деген сұраныс та тиісінше арта түсті.

Сондықтан, каучук алуға болатын өсімдіктерді жинастырып, зерттеу мақсатында экспедициялар ұйымдастыруға, олардың ішінде өнеркәсіптік каучук алу үшін перспективалықтарын анықтауға тура келді. Перспективалықтардың арасында көксағыз да бар еді. Диссертациясын көпшіліктің алдында табысты қорғау, жарияланған еңбектері ғалымдар мен осы сала мамандары ортасында К.Мыңбаевқа үлкен танымалдық пен мойындау әкелді. Айтылғандардың айғағындай, оған зерттеу жұмыстарын докторантурада жалғастыру жөнінде ұсыныс түседі.

Бейбіт те жасампаз еңбек нәміс басқыншыларының елімізге баса-көктеп лап қоюмен байланысты үзіліп қалады. 1941 жылдың 6 шілдесінде К.Мыңбаев алғашқылар қатарында майданға аттанады. Жеке автотанк дивизионының комиссары бір жылдан соң Жоғарғы Бас қолбасшы И.Сталиннің бұйрығымен стратегиялық маңызды ғылыми-зерттеуін жалғастыру үшін Қазақстанға қайтарылады.

Қазақ елінде ғалымға екінші міндет жүктеледі. Ол республика Мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалады. Ал 1944 жылы К.Мыңбаев ВАСХНИЛ-дің Қазақ бөлімшесі төралқасының төрағасы орынға отырады. Міне, дәл осы қызметте оның ұйымдастырушылық қабілеті жан-жақты көрінеді. Ол ғылыми мекемелердің желісін айтарлықтай кеңейтіп, олардың мамандану және зерттеу бағытын нақтылайды. К.Мыңбаевтың нұсқауы бойынша, мал шаруашылығына мамандандырылған Бетпақдала кешенді тәжірибе стансасы, ауыл шаруашылығын механикаландыру мен электрлендіру институты ұйымдастырылады.

1946 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясы ашылса, ол академияның алғашқы құрамына енеді. 1947 жылы республика Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланады.

К.Мыңбаев қайғылы жағдайда көз жұмды. Бірақ артында ғылыми еңбектері, идеялары, оларды жүзеге асыратын шәкірттері қалды. Бүгінде ҰҒА-ның аграрлық секциясында 20-ға жуық академик, 30-ға жуық мүше-корреспондент еңбек етеді, 34 ғылыми-зерттеу институты мен ғылыми-өндірістік бірлестік, 28 облыстық және мамандандырылған тәжірибе стансасы, 50 тәжірибе-экспериментальді шаруашылық жұмыс жасайды. Осының бәрінде қазақ биология ғылымының көшбасшысы, көрнекті селекционер-ғалым К.Мыңбаевтың ізі сайрап жатыр.

Биыл биология ғылымдарының докторы, академик, атақты жерлесіміз Көрім Мыңбаевтың туғанына 100 жыл толып отыр. «Ел есімін ер шығарады, ер есімін ел шығарады» деген мақал осындайда ойға орала береді. Алдағы уақытта да қасиетті Нұра жерінен әлі талай-талай ғалым, қайраткер, атағы баршаға мәлім білімді азаматтар шыға беретіне сеніміміз мол. Оны бүгінгі өміріміздің өзі кеңінен дәлелдеп отыр.

**Самат Мұса, «Егемен Қазақстан»  
15 тамыз 2006 жыл.  
Қысқартылып басылып отыр.**

## Киелі мұрамызға тағзым!

**«Қоғамның игілігі мәдени құндылықтарға, адамгершілік принциптерге және дәстүрлерге негізделген, Мәдениет пен өнерге қолдау көрсету партияның аса маңызды басымдықтарының бірі болып табылады»  
«Нұротан» ХДП-сы сайлауалды тұғырна-масынан.**

Егемендік алып ес жиғалы еліміз өткен – кеткенді саралап, болашаққа не қалдырамыз?,- дегендей сауалдарға жауап іздеп Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен «Мәдени Мұра» бағдарламасы дүниеге келген болатын. Аталған бағдарламаның 1-ші кезеңі аяқталып, не істелінді, не қалып қойды, ары қарай не істейміз деген сұрақтар туа бастағаны анық. Осындай мәселелерге көңіл бөлген бүгінгі биліктің партиясы, яғни «Нұротан» ХДП-сы өзінің сайлауалды бағдарламасы аясында қарастырылған мәселелерді нақталап шешуге кірісті. Партияның «Жас Отан» ЖҚ кеңесі «Киелі мұрамызға тағзым» атты Республикалық акция аясында Нұра ауданында да бірқатар іс-шаралар атқарылды. Атап айтсақ Теңіз өңірінде ауданымыздың 80 жылдық мерекесіне байланысты бірқатар күмбезді бейттер туралы мәліметтер жиналып алынды. Олар: Әбілқасым күмбезі ел билеген, мешіт салдыртып мұсылманша балалардың сауатын ашқан. Күмбезді бейіттің төбесі құлаған, сырт жағы жұртылай күйген кірпішпен қапталған. Кіре беріс есігінің үстінде терезе бар. Бұл кісі Теңіз болысының заседателі болып қызмет атқарып патшадан «Хоружный»

деген шен – шекпен алған. Ес баласы Базар батыр моласы. Ауылдың оңтүстік – шығысында 5 км қашықтықта орналасқан. Осы жерде Базар батыр тауы бар, аңыз бойынша кешкілік осы жерде Базар батыр серуен құрып, елінің амандығын қарап, ауылдың тыныс – тіршілігімен танысқан деседі. Шоң күмбезі. Желтімес қыстағында, ауылдан оңтүстік – шығыс бағытында 14 км жерде 3 күмбезді бейіт. Екі шеткі күмбез құлаған. Күмбездің ерекшелігі ортадан жоғарғы жағына қарай тас араластарып қалаған. Есігі күмбез топырағы шайылғандықтан жабылып қалуға жақын. Әбілда күмбезі. Берсүгірұлы Әбілда. Әбілдаулы Бименде. Күмбез еңселі биік болып салынған. Ортадан жоғары қарай терезесі және есігі бар. Жанында молалар бар. Қожақұл Бес болыс Тіңәліден тарайды. Әбілда 1827 жылы 67 жасында қайтыс болған. Ұлы Бименде нар тұлғалы, палуан денелі адам болса керек үйінде шай ішіп отырған кезде шатыр құлағанда ұстап қалып жанындағы адамдарын өлімнен алып қалған деседі.

Көбене-Көр күмбезі төбесі құлаған, есігі шығысқа қараған. Аршаты тауынан оңтүстік батысында орналасқан. Көбеден Аллаберген тарайды. Ол кезінде Герой «Красный Дон» атағын алған.

Аталған акция аясында Жас Отандықтар Кивека кентінен 8 шақырым жерде орналасқан Әміре там күмбезді бейіт мен К.Мыңбаев атындағы ауылда күмбезді бейіттер мен мазарларға тазалау жұмыстары жүргізілді.

**Нұра ауданы «Жас Отан» ЖҚ кеңесі**

## История создания целинного совхоза «Киевский»

**а Совхоз «Киевский» - один из 102 зерновых совхозов, созданный на основании приказа Министрства совхозов Союза ССР от 29 октября 1954-го года № 585 «Об организации зерновых совхозов в Карагандинской области Каз ССР на базе колхозов «Трудовик» и «Парижская коммуна» Нуринского района.**

По комсомольским путевкам в Нуринский район прибыло 3000 комсомольцев, посланцы всех республик и областей, люди 20 национальностей. Призыв партии привел в движение огромные массы людей различных по возрасту, образованию, национальности, жизненному опыту. Чтобы объединить их, организовать их труд, поставить и достичь единой цели, сплотить их в сотни дружных и боеспособных коллективов, нужно было найти соответствующие формы партийной, организаторской и идеологической работы. Неразрывная связь с массами, высокая организованность, борьба со всеми недостатками – вот характерные черты коммунистов – руководителей, целинников.

К ним принадлежали первый директор совхоза «Киевский» - Невинчанный Игорь Иванович, который прибыл из Киевской области, где работал руководителем одного из хозяйств. Вместе с ним приехала и его жена, которая будет главным экономистом и одновременно агрономом, брат – механизатор, главный бухгалтер – Дорошенко Н.В.

Первые 200 первоцелинников прибыли из Украины 26 января 1955 года в село Ивановка, что находилось в 10 км от вновь создаваемого совхоза. Встречать посланцев братского украинского народа вышло все село. Каждый житель приглашал их к себе в дом, чтобы поест и обогреться. В апреле месяце уже на место, где должен строиться новый совхоз, прибыли посланцы Москвы, Литвы, Бурятии, Киева, Винницы, демобилизованные воины. Первый колхоз для строительства совхоза был забит директором И.И.Невинчанным при всех новоселах, над головами которых поднимались плакаты: «Даешь совхоз!», «Даешь целину!»

На берегу Нуры поставили первые 10 больших палаток и около 15 пятиместных. Первым парторгом совхоза был М.Н.Каменев, председателем рабочего комитета Н.В.Ильченко, секретарем комсомольской организации Лидия Покусаева.

Совхоз назвали «Киевский» потому, что первая партия, прибывшая на место строительства, была из города Киева. По комсомольским путевкам прибыли – Мовчан Валентина, первая девушка-водитель автомашины, Яремко Виталий, Михайлов Юрий, Романюк Иван, Шпак И., Андрияшук А. – бывшие воины Советской Армии. С особой гордостью в совхозе отзываются о братьях Павловских – Григорий, Яков и Алексее, которые прибыли на целину вместе со своими семьями, стали механизаторами, умелыми руководителями, наставниками молодежи. Кроме них приехали семьи Титаренко, Бугайчук, Садовенко, Копыркины, чьи дети сегодня продолжают дела отцов и матерей.

С первых же дней в совхоз начала поступать сельскохозяйственная техника, стройматериалы, семена, горючее. В 1955-м году совхоз получил 65 тракторов, 60 плугов, 300 сеялок, 60 комбайнов, 30 автомашин и другой техники. Было создано 6 тракторно-полеводческих бригад, за которыми были закреплены земельные площади для распашки целины.

Труженики совхоза вели подъем целины до глубокой осени. К весеннему севу 1955-го года в совхозе было поднято 12 500 гектар. Первые гектары и первые трудности стали уже историей. А в те годы трудности было немало: перебои с продуктами, нехватка питьевой воды, жилья. На фотографиях первых целинных лет – голая степь, тракторные поезда, колышки с названием совхозов, палатки, землянки, тесные вагончики, глиняные мазанки без крыш, прозванные «безкозырьками». Люди в этом жилье ютились при тусклом свете фонарей и керосиновых ламп. Все у них было временное, неуютное, походное.

Но поглядеть на лица – в них радость, оптимизм и уверенность. Все, работавшие тогда на целине, ощущали этот оптимизм, этот душевный настрой. А как впечатляла пробужденная этими людьми к жизни степь! Все двигалось и стекалось сюда, на передний край, как это бывает перед большим наступлением.

Нелегко дались покорителям целины совхоза 20 500 гектар нетронутых земель. Трактора не тянули, плуги выскакивали из борозд – целина не хотела сдаваться. Но ведь основная масса целинников была молодежь и она с еще большим упорством взялась за дело. В трудных условиях раскрылись лучшие их черты: выносливость, находчивость, твердость характера, трудолюбие. Хотя были и такие, кто, не выдержав испытаний, покинул совхоз.

Большую помощь оказывали молодым бригадиры, люди с опытом, коммунисты, как например, Павловский Григорий Алексеевич, который научил молодежь, как нужно более производительнее использовать технику, беречь время. Именно его бригада за летний сезон 1955-го года подняла 3693 га целинных земель. За смену трактористы выполняли по полторы-две нормы, пройдя 8-10 га при плане 5,5 га. Не выполнив нормы, тракторист не уходил с поля.

Одновременно с покорением Нуринских степей в совхозе возводились жилые дома, административные здания, общежития, магазины. К осени 1955-го года была сдана первая улица четырехквартирных домов, здание конторы. Проводилась большая работа по озеленению.

«Звездный час» для целины пробил в 1956-м году. Урожай в казахстанских степях был выращен богатейший, и вместо обещанных 600 миллионов республика сдала государству миллиард пудов зерна. Казахстан получил первый орден Ленина. В этом есть и доля совхоза «Киевский».

За лучшие показатели при вспашке зяби и подготовки к зимовке скота, где планы выполнены на 148 процентов, в 1957 году совхозу присуждено переходящее Красное Знамя обкома КП Казахстана и исполкома облсовета депутатов трудящихся с вручением Почетной грамоты обкома КП Казахстана. По итогам хозяйственной деятельности 1956 года совхоз «Киевский» был предоставлен участником первенства Всесоюзного социалистического соревнования в г.Москве. На выставку в столицу поехали директор совхоза И.И.Невинчанный и тракторист-комбайнер М.Карнута, получившие в награду за урожай 1956 года орден Ленина. Орденом «Трудового Красного знамени» награждены Яков и Григорий Павловские, И.Нерусин, орденом «Знак Почета» - шофер Г.Дзюман, бригадир А.Медянный, медалью «За трудовое отличие» - шофер Валентина Яремко, С.Шевцов, трактористка М.Хлебас, А.Бугайчук, медалью «За трудовую доблесть» - М.Вашенко. Медалью «За освоение целинных и залежных земель» награждены 35 человек.

Это была большая победа тружеников совхоза, партийной и комсомольской организации. Комсомольская организация была награждена Почетной грамотой ЦК ВЛКСМ, а секретарь Покусаева Лидия – значком ЦК ВЛКСМ «За освоение новых земель». В этом же году совхоз получил 6924,6 тысяч рублей прибыли и окупил все затраты государства уже на третьем году освоения целины. С каждым днем менялся облик молодого совхоза. В 1957-1958гг. в «Киевский» приехало 145 новоселов, из которых 50 комсомольцев – посланников Бурятии. С новыми темпами проходило строительство жилых домов, построена начальная школа (в 1958-... – семилетка), баня, 4 коровника, электрофицированный ток – для приема зерна, большой магазин в центре совхоза и многое другое. Совхоз «Киевский» занесли в Книгу Почета КазССР, на областную Доску Почета с вручением Почетной грамоты обкома КП Казахстана.

Больших трудовых успехов в производстве зерна добился совхоз в 1958-м году. В закрома Родины был засыпан небывалый урожай. Совхоз сдал государству 1 млн. 300 тысяч пудов зерна, а Нуринский район – 19 миллион пудов хлеба. 24 передовика производства были награждены орденами и медалями Советского Союза. Крепло и росло хозяйство. Появились новые улицы, животноводческие комплексы. Увеличилось поголовье скота, в 1958 году было сдано 94 тонны молока.

Передовые доярки Матулова Варвара, Пигида Наталья добивались надоя от одной фуражной коровы по 17,1 кг молока. В совхозе увеличилось поголовье свиней, к 1959-году было 3 свиноводческих фермы. На озере Кум-Коль разводили уток, к 1959 году их было 4 тысячи. Совхоз имел 709 голов КРС, 250 коров. Прибыль в 1959 году составила 156 тысяч рублей. Укреплялся совхоз экономически. Увеличивалось число сельскохозяйственной техники.

1 сентября 1955 начался первый учебный год в новом совхозе. Всего учащихся было 28 человек. Под школу отведены несколько комнат в общежитии, а с 1957 года, когда число учащихся резко увеличилось, отдали все здание. Среди первых учеников были Виктор Павловский, Юра Садовенко, Нина Меша, которые пошли в первый класс здесь - на целинной, обновленной земле. Первым директором школы была Чернявская Е.М., было всего 6 учителей. В 1962 году совхоз сдал в эксплуатацию новую школу на 350 мест, учителей теперь стало 20.

В 1956 году в совхозе был построен большой клуб на 560 мест. Появились улицы: Набережная, Первомайская, Ленина, Центральная. Рабочими с помощью совхоза было построено за первые 10 лет 40 индивидуальных домов. Возросла культура на селе. Был построен детский сад на 200 мест, больница на 46 коек. Поднялись деревья, в которых утопают улицы и дома. На голом месте вырос рабочий поселок, где к 1965 году проживало 950 человек 20-ти национальностей. В добротных домах жили труженики совхоза со своими семьями, чьими руками все это и было построено.

Таким образом, главное и основное в освоении целины было успешно выполнено. С поставленной партией и советским правительством задачей совхоз справился. Первое десятилетие принесло свои достижения в развитии сельского хозяйства, увеличении производства зерна, мяса, молока. На берегу Нуры вырос поселок, в котором с большой любовью к земле трудились хлеборобы и животноводы.

**Т.САМОЙЛЮК,  
учитель истории Заречной СШ**

## Батаменен ер көгерер – немесе ауыл тұрғындарының алғысы

Құрметті редакция! Осы ауыл тұрғындарының атынан жолдап отырған алғыс хатты мен ауыл тұрғындарының атынан осы қасиетті Рамазан айында, ауылымыздағы мешітке тарауы намазына жиналатын қырықтың үстіндегі намаз- хандардың және ауыл имамы Дәуіт Әлпейісұлының тапсырысы бойынша жолдап отырмын.

Бұл алғыс хатты менен басқа бір адам жазғаны дұрыс болатын еді. Себебі осы алғыс жолданып отырған азамат, облыстық Мәслихаттың хатшысы, осы ауданнан сайланған депутат Жұмабеков Бейсембай Қуанышұлы, менің досым, әрі құрдасымның баласы. Сондықтан бұл хаттың авторы менен басқа адам болғаны дұрыс еді.

Өйткені біреулер мынау жақын болған соң әсіре мақтап жазып отыр деп айтуы мүмкін ғой.

Бірақ, мен ауыл тұрғындарының атынан және ауыл намазхандары – сіз жазыңыз намазхан және үлкендер қатарына болғандықтан сізге тапсырамыз – деп уәж айтқан соң, қолыма қалам алуға тура келді.

Осы үстіміздегі жылдың шілде айының соңында біздің ауылымызға, сыныптас болған жолдасының қазасына орай, осы өңірден сайланған депутат, облыстық Мәслихаттың хатшысы Бейсембай Қуанышұлы келген еді. Осы қазаға байланысты жиынға, яғни жаназадан соң, біздің ауылымыздың имамы Қуатов Дәуіт Әлпейісұлы, халық қалаулысы ретінде, Бейсембай Қуанышұлына – Бейсеке, сіз біздің мешітке бір көмек жасауыңызды өтінемін. Мешітке халыққа жақсы естілуі үшін – дыбыс күшейткіш, қазіргі заман талабына сай аппаратура жағет болып тұр.

Ол біздің қолымызға түспейді және білетіндер бағасы өте қымбат екенін айтады.

Ал, Бейсекең болса, өтінішті қойын дәптеріне жазып алып, Дәуке қолдан келген көмекті жасаймыз, біз сол үшін қызмет атқарып жүргендер қатарындамыз ғой – деп жауап берген екен.

Міне ол – сол айтқан сөзіне бір ай мерзімге жеткізбей орындап, қасиетті Рамазан айының екінші күні, арнайы кісі жіберіп, бағасы жарты миллионға жуық тұратын шетелдік дауыс күшейткіш аппаратураны мешітімізге әкелтіп орнатқызып, іске қосқызып берді.

Сол күні кешке тарауы намазына жиналған, ауылдың саны қырықтың үстіндегі намазхандар, жаратқан иемізге жалбарынып, мұсылман әулетінің парызын орындап, осы аппаратураны орнатқызып берген азаматқа шын ниеттерімен алғысын айтып, үлкендері – абыройың ассын, бақытың тасысын, еңбегің жемісті болсын, еліңнің алғысына бөлене бер. Бала-шағаның қызығын көр – деп ақ баталарын беріп, ризалықтарын білдірді.

Егер жұмыстан қолыңыз босайтындай мүмкіндік болса ауылымызға келіп, езің жазаған жақсы ісінді көріп, мешітке келуші мұсылман қауымының ақ батасын алып қайт. Осы мұсылмандығың үшін жаратқан иеміз Сізге де жақсылық жасар деген үміттеміз. Өйткені Исламдағы түсінік бойынша және

Раббымыздың айтуынша мешіт – Алланың жердегі үйі.

Ал енді осы атқарылған жұмыстың нәтижесін осы күндері күнде керіп жүріп, ез басым төмендегідей қорытынды жасадым:

Қасиетті Құран-Кәрімде жазылғандай, ислам діні ешқандай зорлыққа, күш қолданбауға шақырады. Ол өз қатарын, тек қана үгіт-насихат жолымен Аллаһтың хақтығына сендіру арқылы ғана толтыруды мақсат етеді.

Ал исламға насихаттау кешегі кеңес заманын айтпағанда, дінге бет бұрған осы күні де, өте жетіспей жатқанын көзіміз көріп жүр ғой. Осы күрделі мәселе туралы исламның ғұлама ғалымдары бұрын да, қазіргі заманда да, басы бас мұфтий Әбсәттар қажы Дербісәлі болып, осы үгіт-насихат жұмысын күшейте, жандандыруды айтып та, жағып та жүр. Обалы не крек осы үгіт-насихат (ислам дініне қатысты) жұмысын еліміздегі қазақ тіліндегі БАҚ-ры да жазып-ақ жүр. Дегенімен біздің қазіргі қаптап кеткен, шетелден лап қойып өніп кетіп, нарық заманының дүниеге, ақшаға қызығушылығын пайдаланып, жастарымызды алдап (ақшамен) өз діндеріне тартып қтарларына кіргізіп алып жатқанын да көріп жүрміз. Міне, осы алмағайып дінге таластар кезінде ол бұдан былай тіпті өршіп түсуі мүмкіндігін ескере отырып, дін исламды уағыздау жұмысы өте мықты да нәтижелі болуы керек екенін ауадай қажет. Өйткені қазіргі жаһандану деген алдамшы дүниеде ертең кеш қалып, діниміз тұрмақ діниміз бен тілімізден де айрылып қалу қаупі туып отырғанын ашық айтуымыз керек.

Міне осыған орай біздің ауылдың мешітіне орнатылған аппаратураның пайдасы осы уағыз (үгіт-насихат) жұмысына да демеу болатынына көзіміз жетті. Оның мәнісі: Таңғы намазда, жұма намазында, қазіргі мезгілде (Рамазан айында) ждауыс күшейткіш арқылы азан шақырылғанда, ауылдың көпшілігіне дауысы естіліп тұрады. Бұл дегенің мағынасы бүкіл ауыл тұрғындары мұсылманның азанына ден қояды. Деген сөз. Ауылдан мұсылмандық тіршілік басталып ел исламға ұмтыла бастады.

Ал мешіттің іргесіндегі орта мектепке мешіттегі дыбыстар түгел дерлік естіліп тұр. Осы арқылы мектеп оқушылары да мешітке назар аударып бастады.

Сонымен біздің ауданның халқы дауыс беруі арқылы сайланған, ауылда өскен азамат, еңбек жолын қой бағудан бастаған, Жұмабеков Бейсембай Қуанышұлына ауыл халқының атынан ризашылығымызды білдіріп, алғыс айтамыз. Ауыл ақсақалдарының ақ батасын жеткізіміз келеді:

Айналайын, Бейсеке!

Абыройың ассын, бақытың тасысын, Жұмысын үнемі жемісті болып, Өмірде өр басқан қадамың алға бассын, Еліңе абыройлы болып, алғыс үстіне алғыс жалғассын!

**Қорабай Досжанов,**

Кертінді ауылының қарт тұрғыны, еңбек ардагері.

## Нұрлы – Нұра

Нұра деген өзенім бар әлемде,  
Қазағымның Сарыарқадай жерінде.  
Аяқталса Теңіз атты Қорғалжынның  
келінде,  
Басталады ғажап сұлу Қарқаралы елінде.

Нәзік талдар жағасында жайқалған,  
Бұлбұл құстар әуелетіп ән салған.  
Сексен жылдық тарихы бар мекенім,  
Бүгінгіде Нұрлы-Нұра атанған.

Қарт таулары бұлттарменен теңескен,

Қырларында мың бұралып гүл ескен.  
Өр тарихты Қара-Нұра бойында,  
Ғұлама, ақын, жайсаң жандар күн кешкен.

Құтты болсын сексен жылдық мерейің,  
Саған арнап жыр қазына тегейін.  
Гүлдене бер Нұрлы-Нұрам әрқашан,  
Мен өзінді тарихтардың тек төрінен көрейін.

**Олжас Асығатұлы Қоқанов,**

Қазтұтынуодағы Қарағанды, экономика, бизнес және құқық колледжінің оқушысы.

## О проведении национальной переписи населения в 2009 году

Правительством Республики Казахстан принято постановление от 28 ноября 2007 года №1138 «О национальной переписи населения Республики Казахстан в 2009 году», в котором установлен срок проведения переписи населения в период с 25 февраля по 6 марта 2009 года, утвержден план мероприятий проведения национальной переписи населения.

Предстоящая перепись населения имеет большое социальное-экономическое значение. По результатам переписи населения будет получен широкий круг показателей, характеризующий численность населения, их распределение по городской и сельской местности, полу и возрасту, брачному и семейному состоянию, национальному составу, степени владения языками, образовательному уровню, охвату обучением, числу и размеру домохозяйств, источникам средств существования, занятости, жилищным условиям и др.

Переписи населения проводятся в течение нескольких дней, в период, когда люди наименее подвижны (в Казахстане - зима), чтобы расселение людей на момент переписи как можно больше соответствовало обычному.

В соответствии с мировой практикой перепись населения в Казахстане будет

проводится методом опроса населения специально уполномоченными и обученными работниками (счетчиками) путем заполнения ими переписных листов при обходе жилых и иных помещений. Переписные листы заполняются счетчиками со слов опрашиваемых. Население переписывается по месту своего постоянного (обычного) места жительства, которое может являться домом, квартирой, комнатой, где опрашиваемый обычно проводит большую часть своего времени. Переписью должно быть охвачено все население, которое на момент переписи будет находиться в гостиницах, больницах, вокзалах, аэропортах в поездах.

Большое значение в подготовке к проведению переписи имеет массово-разъяснительная работа среди населения, информирование всех жителей о проведении переписи, формирование у них позитивного отношения, стимулирование участия в переписи и предоставления достоверных данных о себе.

От того, насколько население осознает государственную важность данного мероприятия, зависят успех переписи и ее результаты.

Отдел статистики Нурунского района, уполномоченный по переписи **МУРАТУЛЫ САЯТ.**

## Оразаның адамзатқа әкелер пайдасы

Тақуалық –иманды, көркем мінезді, парасатты жан болып, Алла тағалаға мойын ұсынып, «толық адам» шынына қарай «нұрлы ақылды» шырақ, «жылы жүректі» шырақ етіп, ыждақаттылықпен қадам басып қайраттану. Демек, оразаның мақсаты-жанды рухани кірден тазартып, көркем мінезге тәрбиелеу, нәпсіге ауыздық салып, тізгінді қолға алу. Аса ойшыл Ибн Рушид былай дейді: «Егер кімде –кім еркі мен нәпсісіне ие болса, онда ол өзін әлемнің ең бақытты адам-мын деп санасын». Жалпы адам баласының толық адам шынына жетуі мен көркем мінезді болуының негізі-нәпсіге ие болуында жатыр. Нәпсі бойдағы құмарлық сезім. Ол өзіне қош келетін барлық нәрсеге қол сұққысы, татқысы келеді. Оның елшемінде шек жоқ. Бүгінгі, тіпті бір сәттік ләззаттың ертеңі мен мәңгілік бақытына айырба-стап, яки сатып жіберуге қашанда құбылжып тұрады. Асылында, ол үшін ертерек.

Міне, осы кезде ақыл рөл ойнай бастайды. Ақыл-жақсы мен жамандықты айыра білетін негізгі құралы. Бірақ сол ақылдың да өлшемі шектеулі. Оның бүгінгі жақсы дегені, ертең жаман, жаман дегені, жақсы болуы әбден ықтимал. Міне, осы кезде ақылға бүгінгі мен ертеңінде жаңылыспайтын өлшем қажет. Бұл-иллаһи өлшем, сондықтан ақыл жүректен бірігіп, Алла тағаланың бұйрығын орындап, ауыз бекітеді. Нәпсінің барлық күш-қуаты осы ауыз арқылы өтеді, нәпсі қаншама ақыл мен ерікті ауыз ашуға зорпаса да, ол екеуі ұлы Жаратушының бұйрығынан аса алмайды. Ашыққан нәпсінің құмарлық сезімі әлсіреп, деңгейі төмендеп кетеді. Осы сәтте адам бойына рухани қарғын жүре бастайды да, жүректің түпкірінде, нәпсінің қалтарысында қалған ар-ождан күллі адагершілік сезімдерді оятып, туралыққа бастайды. Яғни, негізгі рөл мен тізгінді ар-ождан қолға алып, адам жаны рухани ләззатқа шомыла бастайды. Бәлкім ол сонда ғана құмарлық сезімдерден татқан ләззатынан, рухани сезімдерін алған ләззаттары әлде қайда басым екенін аңғарып, оның бұдан кейінгі бар арман тілегі - толық адам шыны бола бастайды. Толық адам шыны – рақымшыл, мейірімді кешірімді болу секілді. Нәпсіні тәрбиелеп, жолға салуда аштық пен шөл өте үлкен рөл атқарады. Бірақ ораза тек Алла разылығы үшін болу керек. Кісі өзінің аш қалып, дйттеген мақсатына жете алмайды. Толық адам болу жолындағы барлық қадам Ұлы жаратушыға арналу керек. Мұхаммед (с.с.) хадисте Алла тағала: « Ауыз берік адам ішіп-жуеін мен үшін доғарады. Ораза мені мен құлымның арасындағы ғибадат. Оған берілетін сыйды мен ғана өлшеп, мен беремін, ауыз берік құлымның аштықпен сусағандықтан шыққан ауыз ісі мен үшін миск әтірінен де тамаша» -деді.

Ораза ұстаудың ауызы берік адамдарға ғана емес, сонымен қатар қоғамдық пайдалары бар. Ораза-елдегі дәулетті адам мен жоқ-жітік ара-сында байланыс туғызады. Көбінесе ауқатты адам жасынан өмірдің ауыр тіршілігін көріп, тауқыметін арқаламай ескендіктен, жанашырлық сезімін мақрум қалу мүмкін. Қазақ «аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш қалам деп ойламайды» деп айтқан. Кейде адам байлыққа батқан соң, айналасын ұмыта бастау мүмкін, бірте-бірте аңғалдықтың құрығына түседі. Осы сәтте оның өмірге деген көзқарасы өзгереді. Нәпсісі аттан салып, бойдағы жанашырлық сезімін тұншықтырып тастайды. Дәулетті адам осындай күй кешкен елден берекет кетеді. Мұндай қоғам ауыр дертке душар болып, елде жүйе бұзылады. Ауқатты адамдар қол астындағы жұмыс істеген адамдарына төбедең қарайды. Алауыздық осындайдан туады. Байлыққа ма-

станған қашанда бас пайдасын ойлайды. Мұндай кісі еш уақытта жоқ-жіктің қалын ұға да, сезе де алмайды. Адам ораза ұстап, сәресіден кешке дейін аш қалғанда ғана айналасына басқаша қарай бастайды. Аш адамның бойында тасыған нәпсі бірте –бірте әлсірейді де, жүректің тереңіндегі мейірім шапағат сезімі оянады. Ол сонда ғана аштықтың қандай екенін аңғарады. Өзінің жәй ғана пенде екенін сезінеді. Ал ояңған мейірім шапағат жалпы адам затқа, тіпті әлемге деген сүйіспеншілікті езімен бірге ала келеді. Сонда әлгі кісі, адам тұрмақ, жан-жануарға да сүйіспеншілікпен қарай бастайды. Рамазан айы рахым айы болуының сыры да осында жатыр. Адам мен адамның, адам мен әлемнің арасында достық, махаббат байланысы болады. Міне, адамның бойынан мейірім-шапағат тауып, оны айналасына нұрлы шашу ету- Алла тағалаға деген нағыз шүкіршілігі болып табылады.

Негізі адам баласы өзіне берілген нығымат пен ырыс берекенің қадырын біле бермейді. Сый-сияпат етіп берген ырыс-берекені бейне бір тегін дүниедей тегіп шашады. Өр түрлі тәтті тағамдарды да бейпіл жейберген соң, ауыздан дәмі кетіп, бал, бал болудан қалады. Мұндай күйге түскен адам еш уақытта тамақтың қадірін сезе алмайды. Ал адам баласы ауыз бекітіп, күні бойы аш қалғанда, тағамның Алла тағаланың құлына жайған дастархандағы үлкен ырыс-берекесі екенін аңғарады. Ол күні бойы аш қалып, кеш құрым ауыз ашқанда, ауызына салған қатқан нанны да қаншалықты қадірлі екенін сезеді.

Атам қазақ «Аштықта жеген құйқаның» дәмі қырық жыл ауыздан кетпес, дәуірінің сыры осында жатыр. Тоқ адамның дәл солай сезуі өсте мүмкін емес. Мұндай қоғамның экономикасы да оңайлықпен құлдырамайды. Яә, аштықты сезбеген, дүние-мастықтан айыға алмас. Адам баласы өмірге жылап келіп, жылап кетеді. Неге? Өйткені өткіңші фәниде дйттеген мақсатына қолы жете бермейді. Кейде жылдар бойы ез мақсатына қарай қадам басады да орта жолда болдырып, күдерін үзеді. Кейде шыдамы таусылып қолын бір-ақ сілтейді. Міне, ораза ғұмырда асқақ арманына асыққан адамның иығына сабырды садақ асады. Ай бойы аш қалып, күндіз ауызын ашпауға бекініп, әбден дағдыланған адамның бойында сабырлық пен шыдамдылық сезімі күшейіп өркен жаяды. Аштық пен құмарлық сезімге сабыр қылған, өзгеге де сабыр ете алады. Бойдағы ашуға сабыр – тізгінін салып, жанарында ойлылық пайда бола бастайды. Бұл ғұмырда нағыз сабыр-өз нәпсісін жеңе біліп, Алла тағаланың көрсеткен тура жолында жүруге бел байлау. Ақирет әлеміндегі асқақ шыңынан көз айырмау. Оразаға төзе білген өзге ғибадаттарға да шыдамдылық таныта алады. Сабырлық сақтай білген жан ғана, дйттеген мақсатына жете алады. Құранда жетпіске жуық аятта сабыр мадақталған. Құранда: «Алла тағала сабыр еткендермен бірге», - деп баян етеді.

Ораза бізді сабырлыққа, қиындыққа мойымауға, еркі-жігерімізді шыңдауға үйретеді. Қолдағы бар игіліктің қадырын біліп, ысыраптан сақтануға шақырады. Міскіндерге қол созып, көмек көрсету, мейірім, шапағат беру сияқты адамзатқа пайдалы сезімдерге жетелейді. Оразаның сенімге, мінез-құлыққа, денсаулыққа және әлеуметтік пайдасының үлкендігін осыдан білеміз.

Алла тағала баршамаызды Рамазан оразасын ынта-ниетімен тұтушылардан етіп, қиямет күнінде ораза ұстағандар кіретін Өр-Раийан есігінен кірушілер қатарындағылардан етсін. Тұтқан оразаларыңызды Алла тағала қабыл етсін. Әмин!

**Қ. ҚОНЫСКЕРЕЙ,**

Нұра аудандық мешіттің имамы



**Фотозтюд**  
**Әр тұрғын өз үйін, мекемесін көркейтсін, гүлдендірсен, кептіміз де гүлденсін, көркейеді!**  
"Нұра" газетінің редакциясы


## Құттықтаймыз!

Байтуған ауылының тұрғыны **Бегімбаев Мұстафа Көбенұлы** 50 жасқа толған мерейтойымен құттықтап, зор денсаулық, мол бақыт, сарқылмас қуаныш, ұзақ та мерейлі ғұмыр тілейміз.



Елу деген еңселі жас, мәнді жас,  
Елу деген ертегі жас, сәнді жас.  
Шын көңілден ізгі тілек айтамыз,  
Болашақта бола бер деп мәңгі жас.  
Көк аспанда күлім қағып күн тұрсын,  
Бойдағы арман биіктерге ұмтылсын.  
Көңіл-дария кіршіксіз боп әрдайым,  
Өмір әмен қыр күліндей құлпырсын!

Ізгі ниетпен: апасы- Гүлсім, жиендері: Аргын-Сәуле, Айдар-Айгүл, Дина және жиеншарлары: Серік, Арман, Замзат, Аспан, Сұнғат. №437



**Әлханов Нұрлан Сайлаубайұлы** 40 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Өлемдегі барлық жақсылықты тілей отырып, мына өлең шумақтарын Сізге арнаймыз:  
Туған күніңіз құтты болсын,  
Денсаулығыңыз мықты болсын.  
Отбасыңыз, бала-шағаңыз аман болсын,  
Үйіңізге бақыт құсы келіп қонсын,  
Бақытыңыз бастан кетпесін,  
Жамандық қуып жетпесін.  
Әсем күлкі жүзіңізден,  
Өмір бойы кетпесін.  
Алла берген бағыңыз ортаймасын,  
Әрқашан көңіліңіз қартаймасын.

Тілек білдірушілер: Пушкин орта мектебінің ұжымы №443